



## БҰЙРЫҚ

01.09 2020 ж. № 21/жі

Қарағанды қаласы

### Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы

## ПРИКАЗ

город Караганды

Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылдың 26 желтоқсанындағы №986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығына сәйкес, Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау үшін және Қарағанды қаласы білім бөлімінің 2020 ж. 26 тамыз айындағы №260 бұйрығын орындау мақсатында

### БҰЙЫРАМЫН:

1. №3 гимназияның педагог қызметкерлеріне гимназияның әр түрлі қажеттіліктеріне оқушылардың ата-аналарынан және оқушылардан заңсыз ақша жинауды болдырмасын.

1) Гимназия қызметкерлерінен заңсыз ақша жинауға жол берілмесін (соның ішінде олардың келісімінсіз жалақыларынан ұстау)

Жауапты: Мукашева Б.У., Агуреева Е.А.

2) Оқыту және тәрбиелеу барысында гимназияда коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға жол берілмесін.

Жауапты: Набиева М.Н.

3) Гимназияда жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымдарының өнімдерін өндіруге, бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол берілмесін;

Жауапты: Мукашева Б.У.

4) Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында гимназияның оқушылары мен тәрбиелеушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысу үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және гимназия қызметкерлерінің қатысуынсыз өткізілсін;

Жауапты: Набиева М.Н.

5) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы ҚР заңнамаларынан бұзушылықты болдырмасын.

Жауапты: Бидайбаева Д.Б.

6) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алушыларға және тәрбиеленушілерге ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге жол берілмесін;

Жауапты: Мукашева Б.У.

7) Мемлекеттік сатып алу туралы және бюджеттік заңнаманы бұзылуына жол берілмесін;

Жауапты: Мукашева Б.У., Короткевич Н.И.

8) Бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдалануға жол берілмесін;

Жауапты: Мукашева Б.У., Агуреева Е.А.

9) Гимназияда жеке сипаттағы мерекелердің өткізілуіне жол берілмесін (мерейтойлар, туған күндер, және басқа да салтанаттар);

Жауапты: Мукашева Б.У.

10) Гимназия ғимараттарының бөлмелерін заңсыз жалға беру фактілеріне жол берілмесін;

Жауапты: Мукашева Б.У.

11) Гимназияда толықтыру кезінде қабылдаудың стандарттарын (регламенттерін) және гимназияның Жарғысы басшылыққа алынсын;

Жауапты: Мукашева Б.У.

12) Гимназияда оқушылар мен тәрбиеленушілер ата-аналарының (немесе өзге заңды өкілдерінің) үшін қолжетімді жерде ақылы қызметтерді көрсету тәртібі туралы, мақсатты жарналардың және қайырымдылық көмектердің тартылу тәртібі, қосымша қаржылардың тартылуы бойынша заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдану тәртібі туралы толық және шынайы ақпараттың орналасуын қамтамасыз етілсін;

Жауапты: Мукашева Б.У.

13) Оқушылар мен тәрбиеленушілер (немесе өзге заңды өкілдерінің) тәрбиеленушілерден қаражат жинау мәселесі бойынша тұрақты жұмыс істейтін «сенім телефонының» жұмысы ұйымдастырылсын;

Жауапты: Набиева М.Н.

14) Гимназияның педагогикалық кеңесінде өндірістік жиналыстарда ата-аналар жиналысында ата-аналар комитеті мүшелерімен және гимназия қызметкерлерімен гимназия қажеттілігіне заңсыз ақша жинауға тыйым салынатыны туралы түсіндірмелі жұмыстар жүргізілсін;

Жауапты: Мукашева Б.У.

15) Бұл бұйрық педагогикалық кеңесте, өндірістік кеңесте гимназияның барлық қызметкерлері мен ата-аналарының және оқушылар назарына жеткізілсін;

Жауапты: Бидайбаева Д.Б.

16) Осы бұйрықты бұзылуына жол берген қызметкерлерге қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылсын.

Жауапты: Мукашева Б.У.

2. 2019 жылдың 02 қыркүйек айында «№3 гимназия» КММ басшысының атынан шығарылған №235 «Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы» бұйрығының күші жойылсын;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітіліп педагогикалық ұжымға қол қою арқылы жеткізілсін;

4. Осы бұйрықтың орындалуы гимназия директоры Б.У.Мукашеваға жүктелсін.

Директор



Б.Мукашева